

Ф.Ш. ОРАЗБАЕВА*

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің (Алматы, Қазақстан)
f_orazbaeva@mail.ru

АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖАЗЫЛЫМНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Академиялық жазылым жазбаша тілдік қатынастың ғылыми түрін реттеуге бағытталады. Мұнда коммуниканттардың білімі ғылыми жағынан жаңа көрсеткіштерге жетуге ұмтылады. Академиялық жазылым – студенттерді өз бетімен ізденуге бағыттайтын, ғылыми жұмыстың мазмұны мен құрылымын анықтайтын мәтін коммуникациясының түрі. Ол мәтіндік коммуникацияның фрагменті және мәтін түзілімінің белгілі бір типі ретінде ізденушінің ғылыми шығармашылық қабілетін дамытады. Академиялық жазылымның методологиялық негізі лингвистика, функционалды стилистика, психология, когнитивті лингвистика, мәтін лингвистикасы және басқа аралық ғылыми бағыттардың интеграциялық әдістері арқылы қалыптасады. Бұл әдістер кешенді түрде автор мен адресаттың қарым-қатынасын жүзеге асырады. Академиялық мәтінді дискурста қарау коммуниканттардың мақсатын айқындайды. Академиялық жазылым құзыреттілігін қалыптастыру ізденушінің тың ізденістерге жетелейді. Ғылыми мәтін деңгейіндегі жазылым коммуникативтік, дискурстық құзыреттілікті қалыптастырады. Мәтінмен жұмыс істеу студенттің қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруға, тілдік дағды мен білікті жетілдіруге мол мүмкіндіктер ашады.

Түйін сөздер: академиялық мәтін, зерттеу жұмысы, метод, әдістеме, жазылым коммуникациясы, мәтін лингвистикасы.

Кіріспе. Қазақ Елінің оқу жүйесінде интеллектуал ұлт өкілін тәрбиелеу басты мақсат болып табылады. «Интеллект» (лат. intellectus) сөзі – таным, ұғыну, аңдау – жеке тұлғаның ақыл-ой қабілеті» [1, Б.286], – деген түсінікті білдіре келіп, ғылыми айналымда мәдениеті жоғары, ақыл-өрісі кең деген мағынада қолданылады. Интеллектуалдық болмыс – адамның білік пен білім, мінез бен сана, ой мен парасат ұғымдарын біріктіретін рухани қасиеті. Ол – білім мен ғылым сабақтастығы арқылы қалыптасатын адами капиталдың көрсеткіші.

XIX ғасырдың соңында эксперименттік психология ілімі интеллект ұғымын адамның ой-сана, пайымдау қасиеттеріне байланысты қолданған.

Зерттеуші И.П. Павловтың [2], еңбектерінде адамның ойлау, қабылдау қасиеттері мидағы күрделі нерв системасының сыртқы әрекеттер мен қоршаған ортаның ықпалынан

әр түрлі қызмет атқаруы деп көрсетілген. Интеллектуалдық ойлау – сол әсердің жағымды сипат алуынан туындайтын нерв жүйесінің күрделі қызметі. Нерв жүйесіндегі әрекеттер жиынтығы адамның ақыл-ой сезімін жандандырады. «Ақыл-ой сезімі адамның таным әрекетімен байланысты. Адамның шындықты тануға деген ақыл-ой сезімі таңданудан басталады. Таңдану адамды әрбір нәрсенің, құбылыстың, оқиғаның мән-жайын жан-жақты танып, оны тереңірек түсінуге жетелейді. Оның ізденімпаздық әрекетін тудырады. Іздену барысында адам түрлі болжам, теориялық тұжырымдар жасайды», – дейді психолог ғалым Қ. Жарықбаев [3, Б.88]. Бұдан шығатын қорытынды: ізденіс адамның ой-әрекетін шынықтырады, тыңнан жол табудың бағытын белгілейді. Ғылым жолындағы нәтижелі ізденістер жаңалықтың бастамасы ретінде сапалы білімге жол ашды.

Еліміздің үздіксіз білім беру жүйесінде интеллектуал ұлт өкілі болып табылатын дара тұлғаның болмыс-бітімін қалыптастыру психология, педагогика, лингвомәдениеттаным, философия және басқа да қоғамдық-әлеуметтік ғылымдар саласын бір арнаға тоғыстырады. Дара тұлға – ұлттық ой-санасы дамыған, рухани тегін сақтай отырып, әлемдік өркениеттің, адамзат мәдениетінің озық үлгілерін жан-жақты меңгерген, уақыт талабына жауап бере алатын, білімді де білікті гуманист ұрпақ.

Білімді ұрпақтың біліктілігі оның сөйлеу мәдениетінен, дүниетанымдық қабілетінен, жазу сауаттылығынан, тілдік коммуникацияның нормаларын жетік игеруінен көрінеді. Тілдік коммуникация адамдар арасындағы ауызша, жазбаша қарым-қатынас қағидаларын қамти келіп, коммуниканттардың бірін-бірі түсінуіне, пікір алмасуына сүйенеді. Осы бағытта маңызды рөл атқаратын әрекет – жазылым.

Академиялық жазылым – студенттерді өз бетімен ізденуге бағыттайтын мәтін коммуникациясының түрі. Ол коммуникацияның ерекше формасы ретінде академиялық мәтін концепциясын жасауға жол ашды.

Жұмыстың мақсаты – жазылым коммуникациясына тән академиялық мәтіннің мазмұнын талдай отырып, әдеби нормаға негізделген ғылыми мәтіннің стилі мен құрылымын сипаттау.

Академиялық мәтіннің стильдік түрлері мен жанрлық ерекшеліктерін айқындау қазіргі өзекті мәселелер қатарына жатады. Мұндай мәтіндер ғылыми, публицистикалық, ғылыми-публицистикалық стильде жазыла келіп, берілу тәсілі жағынан баяндау, анықтау, талдау, тұжырымдау амалдарына негізделеді.

Әдіснама. Коммуникативтік жазылымның негізін ғылыми мәтін мен оны түзуші автор бірлестігі құрайды. Ізденуші коммуникативтік әрекет мақсатына сай жазылымда өз стратегиясын қалыптастырады. Ол стратегия мәтін түзуде автордың ұстанымы мен жеке көзқарасын білдіреді. Жазу қағидаларын меңгерген ізденушінің

креативтік, шығармашылық қабілеті академиялық ғылыми мәтін мазмұнынан көрінеді. Коммуниканттар жазу дағдыларын академиялық талаптар негізінде орындай отырып, қоғамдық ортаны жаңа ғылыми ақпаратпен қамтамасыз етеді.

Академиялық жазылым когнитивті лингвистика, лингвориторика, герменевтика, психолингвистика, әлеуметтану ілімдерімен байланыста дамиды. Ол функционалды стилистиканың ережелерін жетік білуді және ойды дұрыс, ұғынықты жеткізуді қажет етеді «Жазылым» термині «жазу» (жазудың түрлері, әріптің жеке өзі т.б.) деген мағынаны емес «жаза білу», «ойынды басқа біреуге түсінікті болу үшін, қағаз бетінде сауатты жеткізе білу» дегенді білдіреді.

Жазылым – тіл үйренуге қатысты қиын да күрделі жұмыс. Жазылым – тілдік бірліктердің графикалық, фонемалық жүйесіне негізделген; лингвистикалық, психологиялық, физиологиялық, әдістемелік ерекшеліктерге қатысты тілдік материалдың мазмұны мен формасын бірдей қамтитын, адамдардың ұзақ мерзімдегі қарым-қатынасына мүмкіндік жасайтын күрделі тарихи әрекет [4, Б.310]

Жазылым *біріншіден*, әріптің, сөздің графикалық таңбасы арқылы іске асады; *екіншіден*, бұл графикалық таңбалар белгілі бір фонемалық, мағыналық қасиетке ие болады; *үшіншіден*, жазылым құбылысында сөйлесім әрекетінің барлық түрі қатысады; *төртіншіден*, жазу үстінде тіл үйренуші адам сөйлемнің мазмұн-мағынасына ғана емес, формасына да көңіл аударуға мәжбүр болады, *бесіншіден*, жазылым қағаз бетіне түскен материалдың түсінікті, жүйелі болуына тікелей байланысты жүзеге асады.

Жазылым графикалық таңбалардың мағыналық жүйесі мен тізбегі арқылы адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасын қамтамасыз етеді. Жазылым арқылы адам айтатынын деген ойын қағазға түсіріп, екінші бір адамға, жалпы адамзатқа жеткізуді мақсат тұтады, яғни адам ойын басқаға жеткізу үшін жазуды үйренеді.

Ғалымдардың қалыптасқан пікірі бойынша, жазылым құрылысы үш бөліктен тұрады. Олар:

- Себеп-салдарлық.
- Аналитикалық-синтетикалық.
- Орындалымдық.

Жазылым әрекеті, біріншіден, белгілі бір ақпаратты, мәліметті екінші адамға жазбаша жеткізудің қажеттілігінен, соның нәтижесінде туындайды. Демек, алдымен жазылымның сұранысы, оның себебі пайда болады.

Екіншіден, аналитико-синтетикалық кезеңде сөйлем құрылымы жасалады, сөздер бір-бірімен тіркеске түседі, сөздің қызметі мен орны белгіленеді.

Үшіншіден, графикалық таңбалар арқылы жазбаша мәтін (текст) құрастырылып, жазылым үдерісі жүйелі түрде орындалады.

Жаңа буын өкілдерін интеллектуал тұлға ретінде қалыптастыруға және тілдік қатысымның басты парадигмаларын игеруге ықпал ететін жазу әрекеті – академиялық жазылым үдерісі. Академиялық жазылым – ізденушінің сыртқы-ішкі деректерді қабылдау, пайымдау, сыни тұрғыдан талдау мен бағалау, креативтік ойлау арқылы өз бетінше шешім қабылдап, дәйекті, дәлелді, тұжырым-пікірін ғылыми және әдеби нормада түзудің мазмұндық-құрылымдық жүйесі.

Нәтиже. Академиялық жазылым жазбаша тілдік қатынастың тілдік бірліктерінің қызметіне сүйенеді. Мәтін деңгейінде коммуникативтік, дискурстық құзыреттіліктер қалыптасады. Мәтінмен жұмыс істеу қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруға, тілдік материалды реттеуге, тілдік дағды мен білікті жетілдіруге мүмкіндік береді. Нәтижесінде қазақ тілінің ғылыми стилін дамытудың жолдары анықталады.

Тілдік коммуникация үдерісінде сөйлесім әрекетінің барлық түрлері: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, тілдесім – маңызды орын алады. Бір-бірімен тығыз байланысты бұл процестер тілдік коммуникацияның толыққанды жүзеге асуын қамтамасыз етеді. Осы сөйлесім әрекеттерінің ішінде жазылым үдерісінің академиялық статусқа ие болуы оның универсалдық ерекшелігіне байланысты алынған.

Академиялық жазылым – адамзат қарым-қатынасының ең жоғарғы деңгейі және

академиялық талапқа жауап беретін тілдік әрекеттің мәдени-этникалық факторларын қамтитын қатысымдық тұлғалық көрсеткіш.

Академиялық жазылым – сөйлесім түрлерін біріктіретін графикалық күрделі құрылым және айтылым, тыңдалым, оқылым, тілдесім амалдарын іске қосатын тілдік жүйе.

Академиялық жазылым – ойды жазбаша жеткізуге мүмкіндік беретін коммуникативтік сана мен қатысымдық бірліктердің заңдылығынан тұратын тілдік тұтастық. Осы тұрғыдан келгенде, бұл процесс – ұлттық сана мен ұлттық код тірегі.

Ауызша және жазбаша коммуникацияны қамтамасыз ететін академиялық жазылымның есте сақтайтын басты критерийлері мыналар:

1. Ынтымақтастық
2. Талғампаздық
3. Стандарттық
4. Стратегиялық
5. Креативтік

Ынтымақтастық академиялық жазылымның объективтік пікірге, кәсіби тұжырымға сүйенген ортақ мақсат-мүддеге сай орындалуын, мәтіннің зиялы қауымға түсінікті, нәтижелі болатын әрекетін керек етеді.

Стандарттық академиялық жазылым мазмұны мен құрылымының түрлі форматқа бағытталмай, бұрыннан қалыптасқан, бекіген үлгіде түзілуін қажет етеді.

Стратегиялық академиялық жазылым құрылымының эмоциональдық-экспрессивтік элементтерсіз, нақты дәлел мен дәйекке сүйенген, тілдік бірліктердің жүйелі жиынтығы уына мән беріледі.

Талғампаздық академиялық жазылым қалыбының коммуникативтік құралдар мен бірліктерді қажетіне қарай таңдап жұмсалуына назар аударады.

Креативтік академиялық жазылым кеңістігінде коммуниканттың дербес, тың шешім таба білуіне көңіл бөлінеді.

Аталған ерекшеліктердің барлығы тілдік коммуникацияға тән қағидаларға сүйенеді. Автордың тақырып бойынша өз бетінше іздену жолдарына, материалды талдауына, ой

қорыта отырып, дұрыс шешім қабылдауына және стандарттық жазу құрылымының сақталуына айырықша мән беріледі.

Бұл ұстанымдар зерттеу жұмысының мазмұны мен құрылымына қатысты жазу көрсеткіштері мен үлгілерін қамтиды. Мақсатына, жанрына, мазмұнына, оында лу әдіс-тәсіліне, сұраныс-тапсырысына, қызметіне қарай зерттеу жұмыстарының түрлері сан алуан. Қазіргі біздің сөз етіп отырған мәселеміз – жазбаша ғылыми жұмыстың ерекшеліктері.

Ойталқы. Жазбаша зерттеу жұмысына академиялық жазылымның түрлері жатады. Академиялық жазылым академиялық мәтіннен тұрады. Академиялық мәтіннің негізі – басты ұстанымдар мен талаптарды сақтай отырып жазылған ғылыми мәтін.

Ғылыми мәтін қатарына ғылыми мақала, пікір, баяндама, тезис, ғылыми жоба, реферат, презентация, аннотацияны жатқызуға болады. Әр ғылыми мәтіндердің өзіндік құрылымы, жүйесі, стилі, бекітілген ұстанымы бар. Ғылыми мәтін ерекшелігі: Ол, біріншіден, кәсіби мамандардың зерттеулерімен танысып, қарастыратын мәселені жан-жақты игеріп, авторлық көзқарас пен жеке пікірді анықтап алу- ды қажет етеді. Ғылыми мәтінде жеке субъективті пікір берілмейді және жұмыс үшінші жақтан баяндалады.

Білім беру жүйесінде қазіргі кезең түрлі ғылым салаларын интеграциялық бағытта игеруді қажет етеді. Ғылымдардың тоғысуы әр саланың білім мазмұны мен методологиясын айқындаумен қатар жүреді. Мұның өзі пәндер мен тақырыптарды оқытуда интерактивтік әдістердің өзекті екенін көрсетіп келеді.

Көптеген ғалымдардың айтуынша, аудиторияның белсенділігі дара тұлға әрекетін дамытуға оң ықпал етеді. Мәселен, австралия ғалымы И.Снайдер [5, С.179] бүгінгі күні ұжымдық коммуникациядан жеке, дараланған коммуникацияға бет бұрып келе жатқан уақыт. Жеке адамның дәйекті пікірін бағалау мен қадағалау замана сұранысын алға апарды деп есептейді. Білім мен ғылым аясында әр түрлі

салалардың тоғысуы зерттелетін мәселені әр қырынан қарастыруға жол ашты, жаңа бағыттар пайда болды. Интеграциялық білім интербелсенді әдіс-тәсілдердің өрістеуіне әкелді. Нәтижесінде білім жүйесінде интеллектуал дара тұлғаны қалыптастыру мен тәрбиелеудің педагогикалық, дидактикалық, психологиялық бағыттары жаңарды. Сондай бағыттардың бірі – ғылыми академиялық коммуникация саласы.

Академиялық жазылым құрамындағы ғылыми жобаның маңызы неде деген сұрақ қазір көпшілікті толғандыруда. Интеллектуал дара тұлға тәрбиесі дәстүрлі оқу қорымен қатар әлемдік озық білім беру үлгілерін жетік меңгеруді көздейді. Академиялық жазылым интеллектуал ұлт өкілінің жоғарғы деңгейдегі сауаттылығына игі әсер ете келіп, білімі мен білігін кеңейтеді.

Кәсіби маманның сауаттылық деңгейі ХХІ ғасырда ел өркениетінің басты көрсеткіші болып табылады. Ғылым салаларының тоғысында *сауаттылық* ұғымы жазу процесімен ғана емес, адамзат білімі мен біліктілігінің өлшемі ретінде кең мағынада қолданылады. Ол ұғым заман талабы мен сұранысына лайық «жаңа ақпараттық орта», «жаңа ақпараттық жазу», «жаңа білім көрсеткіші», «жаңа жазу», «жаңа сауаттылық» деген тың тіркестердің қалыптасуына әкелді.

Педагог И.Б. Короткинаның пікірінше, «жаңа сауаттылық» екі аспектіге бөлінеді: «академиялық сауаттылық» және «цифрлы сауаттылық». И.Б. Короткина: «новая грамотность» подразделяется на два аспекта: академическая грамотность и цифровая грамотность. Под академической грамотностью понимаются комплексные умения, связанные прежде всего со знаковой, текстовой языковой деятельностью, которые позволяют не только критически оценивать, анализировать и правильно интерпретировать различного рода информацию, но и продуцировать новое знание, выдвигать, обосновывать и логически упорядочивать собственные мысли. Под цифровой грамотностью понимаются комплексные умения, связанные с коммуникацией посредством различ-

ных мультимедийных средств» [6, С.21], – деп, «академиялық сауаттылық» тіркесі коммуниканттың жеке ойлау жүйесінен туған жаңа білімді көрсетеді дейді. Педагог ғалым академиялық жазылым процесінің практикалық маңызына мән бере отырып, оны нәтижелі білім өнімі деп есептейді [7]. Ал, Э.С. Чуйкова: «обучение академическому письму вносит большой вклад в формирование письменной и исследовательской культуры у студентов любой специальности» [8, С.69] – деп, академиялық жазылымды меңгеру арқылы кез келген мамандықтағы студент жазу және іздену мәдениетін қалыптастыратынына тоқталады.

Ғылыми айналымға «академиялық сауаттылық» терминін алғаш енгізген шетелдік ғалымдар [9]. Бұл термин әр түрлі мамандықта оқитын студенттердің бәріне ортақ. Әркім өз саласына байланысты ғылыми жұмыс жазуда академиялық сауаттылықтың барлық ереже-қағидаларын сақтайды және жүзеге асырады.

Академиялық жазылымда пәнаралық байланыстың алатын орны ерекше. Жаратылыстану мен қоғамдық-гуманитарлық ғылым салаларында орындалатын академиялық ғылыми жұмыс ұстанымдары ортақ болғандықтан, әр ізденушінің өз көзқарасы мен тұжырымы пәнге қатысты айтылады. Ғылыми дәлел мен дәйек нақты пәнге және мамандыққа сай талданады. Педагог мамандарды дайындауда «Академиялық жазылым» пәнін енгізудің маңызы зор екенін уақыт сұранысы дәлелдеп отыр [10].

Жазылым әрекетін қалыптастыруға арналған бастапқы деңгейдегі тапсырма үлгілері мәтін мазмұнын нақты қабылдау үшін орындалады. Осындай тапсырманың бірі:

1) Берілген шағын мәтінді оқып, тірек сөздерді жазыңыз.

Сақ қорымдарынан табылған жәдігерлер Ұлыбритания музейінде көрсетіледі. Шығыс Қазақстан облысындағы ежелгі сақ қорымдарынан табылған алтын артефакттар Ұлыбританияның Кембридж қаласында орналасқан Фицуильям музейінде көрсетіледі. «Ұлы дала алтындары» деп аталатын көрмеде көрермен назарына Берел, Шілікті және Елеке Сазы қабір кешендерінен табылған 300 жәдігер ұсынылады. Басты элемент жас садақшының жерленген қорымы болмақ. Шамамен 18 жасында мерт болған сақ жауынгерін кіші туысымен бірге жерлеген. Жартастың опырылуы қабір кешенін тонаушылардан қорғап, оны 2,5 мың жыл бойы бүтіндей қалыпта сақтап келген. Бұл – елдегі ешкімнің қолы тимеген екінші сақ қабірі. Қорымдардан табылған қазыналар 28 қыркүйектен бастап көпшілікке таныстырылады [11].

Мәтіннің мазмұнын, құрылымын ұғынып, білім алушының өзін жазуға машықтандыратын жаттығудың бірі – хат жазу.

2) Еркін тақырыпта (жақыныңызға немесе белгілі бір тұлғаға) және іс жүргізуге қатысты қызметтік хат, жеделхат, ұсыныс хат, құттықтау хат немесе мәлімхат жазыңыз.

Қызық дерек. Мәлік Ғабдулиннің Қадыр Мырза Әлиге жазған хатынан үзінді:

Құрметті Қадыр!(1)

Бауырым, мен сенімен сырттай таныс болғаныммен сырласың емеспін. Сондықтан, саған арнап жазып отырған бұл хатымды егде ағаның ежіктемесі деп қарайсың ба, әлде қамқор көңілдің қанағаттанғандық белгісі екен деп қарайсың ба-ол арасын өзің білесің.

Негізгі бөлімнен: «Тағы бір шындығымды айтайын. Сен бір өлеңіңнен екіншісіне дейін, бір құйындата самғаудасың, биіктен биікке, асқардан асқарға көтеріліп барасың. Осыныңа қуанам, риза болам. Сенің әрбір өлеңінде (басқа құрдастарыңда аз кездесетін) үлкен ой, тұжырымды түйін жатады» (2а, б).

Мен сенің бұдан былайда творчестволық жаңа табыстарға жете беруіңе белестен белеске көтеріле беруіңе шынкөңілден тілектеспін (в, г).

P.S. Саған осы хатты жазып болған бойда мына бір жеңіл әңгіме есіме түсе қалғаны. Соны да қоса салайыншы... (д)

Өздік жұмыс мәтіндерді түзету және редакциялау сияқты дағдылары қалыптасуы шарт. Демек білім алушы жоспар құрудан бастап, әртүрлі формада жазылған мәтінін өзі тексеріп, түзете алатын деңгейге жетуі тиіс. Сонымен қатар:

- «өз көзқарасын білдіре отырып мәтін жазу;
- тиісті стильді пайдалана отырып, алуан түрлі тақырып бойынша мәтін жазу;
- жоспар құру;
- өзіндік стильде мәтін құру;
- тыңдалым, оқылым және аудиовизуалды материал мазмұнының үдесінен шығу үшін шығармашылық түрде жауап жазу;
- түрлі жанрда мәтін құру;
- мәтіндерді салыстыру;
- мәтіндерді түзету және түрлендіру;
- оқырманның қызығушылығын оятып, оны сендіру үшін жазу;
- эссе жазу; т. б. машықтары қалыптасады» [12, Б.174].

Сондай-ақ латын графикасына негізделген қазақ жазуына қатысты теориялық [13] және методологиялық [14] еңбектерге сүйеніп, жазылым әрекетін латын қаріпінде қалыптастыру мүмкіндіктері бар [15].

Қорытынды. Академиялық жазылымға байланысты оның методологиялық негіздерін айқындау үшін академиялық дискурстың ерекшеліктері қарастырылып, шетелдік және отандық тәжірибелерді зерделеу, академиялық жазылым орталықтарымен тәжірибе алмасу, талдау, сараптау жұмыстары жүргізіледі. Салыстырмалы-салғастырмалы әдістер негізінде академиялық дискурс теориясы жасалады.

Академиялық мәтіндердердің стильдік түрлері мен жанрлық ерекшеліктері айқындалып, ғылыми, ғылыми-публицистикалық, жазбаша, ауызша мәтіндерді түзудің басты белгілері көрсетіледі. Нәтижесінде қазақ тілінің ғылыми стилін дамытудың өркениеттік үлгісі ұсынылады. Академиялық жазылымға үйретудің деңгейлік сипаты айқындалып, үздіксіз білім беру жүйесіндегі ғылыми жоба жұмысын атқарудың стильдік ерекшеліктері сөз болады.

Қорыта келгенде, академиялық жазылымның методологиясы анықталып, оған қойылатын басты талаптар белгіленіп, ғылыми мәтін мазмұны мен құрылымы көрсетіледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- [1] Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 4 том. Ж – К.е – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2002. – 720 б.
- [2] Павлов И.Б. Избранные труды. – Москва, 1951
- [3] Жарықбаев Қ. Әдеп және жантану. – Алматы, 1996. – 421 б.
- [4] Оразбаева Ф. Тілдік қатынас. Шығармалар жинағы. 2 том. – Алматы: Ан-Арыс, 2019. – 584 бет.
- [5] Snyder I. Communication, imagination, critique — literacy education for the electronic age // *Silicon Literacies: Communication, Innovation and Education in the Electronic Age* / I. Snyder (Ed.). London: Routledge, 2002. – P.173-183.
- [6] Короткина И.Б. Академическая грамотность и система оценки в парадигме образования // *Ценности и смыслы*. – 2017. – №5(51). – С.20-31.
- [7] Короткина И.Б. Академическое письмо: процесс, продукт и практика: Учеб. пособие для вузов. Серия «Образовательный процесс». – М.: Юрайт, 2017. – 295 с.
- [8] Чуйкова Э.С. Опыт обучения академическому письму студентов языковых специальностей: сравнительный анализ // *Педагогические науки*. – 2018. – №4. – С.65-70.
- [9] Goodfellow R. Literacy, literacies and the digital in higher education // *Teaching in Higher Education*, 2011. – Vol.16. – №1. – P.131-144.
- [10] Милованова Л.А. Академическое письмо как компонент профессиональной подготовки бакалавров педагогического образования // *Изв. Волгогр. гос. пед. ун-та*. 2017. – №9 (122). – С.4-7.
- [11] 24.kz. Жаналықтар сайты. <https://24.kz/kz/zha-aly-tar/m-denie/item/492149-sa-orymdarynabyly-an-zh-digerler-lybritaniya-muzejinde-k-rsetiledi> (Өтінім берілген күні:11.08.2021).

[12] Оразбаева Ф.Ш., Иманқұлова М.А., Мазмбаева Ж.О. Айтылым мен жазылымның әдістемелік негізі (әдістемелік нұсқаулық). – Алматы: Таугүл-Принт, 2021. – 252 б.

[13] Оразбаева Ф.Ш., Әміржанова Н.С., Дәулетбекова Ж., Рахметова Р., Рауандина А., Иманқұлова М., Қоқанова Ж. Латынәліпбилі қазақ жазуы: Тілтаным. Әдістаным /Ұжымдық монография. – Алматы: Таугүл-Принт, 2020. – 212 б.

[14] Оразбаева Ф.Ш., Дәулетбекова Ж., Әміржанова Н.С., Рахметова Р., Рауандина А., Иманқұлова М. Латынәліпбилі қазақ жазуы: әдіснама мен әдістеме /Оқу құралы. – Алматы: Таугүл-Принт, 2020. – 266 б.

[15] Оразбаева Ф.Ш., Рауандина А., Дәулетбекова Ж., Рахметова Р., Әміржанова Н.С., Иманқұлова М. Латынәліпбилі қазақ жазуы: педагогикалық парадигмалар /Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы: Таугүл-Принт, 2020. – 216 бет.

References

- [1] Kazakstan. Ulttқ enciklopediya. 4 tom. Zh – K.e – Алматы: Kazak enciklopediyasy, 2002. – 720 b.
- [2] Pavlov I.B. Izbrannye trudy. – Moskva, 1951
- [3] Zharykbaev K. Adep zhane zhantanu. – Алматы, 1996. – 421 b.
- [4] Orazbaeva F. Tildik қатынас. Shygarmalar zhinagy. 2 tom. – Алматы: An-Arys, 2019. – 584 b.
- [5] Snyder I. Communication, imagination, critique – literacy education for theelectronic age //Silicon Literacies: Communication, Innovation and Education in the Electronic Age /I.Snyder (Ed.). London: Routledge, 2002. – P.173-183.
- [6] Korotkina I.B. Akademicheskaya gramotnost' i sistema ocenki v paradigme obrazovaniya //Cennosti i smysly. – 2017. – №5 (51) – S.20-31.
- [7] Korotkina I.B. Akademicheskoe pis'mo: process, produkt i praktika: Ucheb. posobie dlya vuzov. Seriya «Obrazovatel'nyj process». – М.: Yurajt, 2017. – 295 s.
- [8] Chujkova E.S. Opyt obucheniya akademicheskomu pis'mu studentov yazykovyh special'nostej: sravnitel'nyj analiz /Pedagogicheskie nauki. – 2018. – №4. – S.65-70.
- [9] Goodfellow R. Literacy, literacies and the digital in higher education //Teaching in Higher Education, 2011. – Vol.16. – №1. – P.131-144.
- [10] Milovanova L.A. Akademicheskoe pis'mo kak komponent professional'noj podgotovki bakalavrov pedagogicheskogo obrazovaniya //Izv. Volgogr. gos. ped. un-ta. 2017. –№9 (122). – S.4-7.
- [11] 24.kz. Zhaңalyktar sajty. <https://24.kz/kz/zha-aly-tar/m-denie/item/492149-sa-orymdarynan-tabyl-an-zh-digerler-lybritaniya-muzejinde-k-rsetiledi> (Otinim berilgen kuni: 11.08.2021).
- [12] Orazbaeva F.Sh., Imankulova M.A., Mazimbaeva Zh.O. Ajtylym men zhazylymnyn adistemelik negizi (adistemelik nuskaulyk). – Алматы: Taugul-Print, 2021. – 252 б.
- [13] Orazbaeva F., Amirzhanova N., Dauletbekova Zh., Rahmetova R., Rauandina A., Imankulova M., Қоканова Ж. Latynalipbili kazak zhazuy: Tiltanym. Adistanym /Uzhymdyk monografiya. – Алматы: Taugul-Print, 2020. – 212 б.
- [14] Orazbaeva F.Sh., Dauletbekova Zh., Amirzhanova N.S., Rahmetova R., Rauandina A., Imankulova M. Latynalipbili kazak zhazuy: adisnama men adisteme /Oku kuraly. – Алматы: Taugul-Print, 2020. – 266 б.
- [15] Orazbaeva F.Sh., Rauandina A., Dauletbekova Zh., Rahmetova R., Amirzhanova N., Imankulova M. Latynalipbili kazak zhazuy: pedagogikalık paradigmalар /Oku-adistemelik kural. – Алматы: Taugul-Print, 2020. – 216 бет.

Актуальные проблемы академического письма**Ф.Ш. Оразбаева****Казахский национальный педагогический университет имени Абая**(Алматы, Казахстан)**Аннотация*

Академическая письменность направлена на регулирование научной формы письменного языкового общения. При освоении академического письма знания коммуникантов стремятся к достижению новых научных показателей. Академическое письмо – вид текстовой коммуникации, направляющий студентов на самостоятельный поиск, определяющий содержание и структуру научной работы. Академическое письмо развивает научные творческие способности соискателя как фрагмента текстовой коммуникации и определенного типа текстообразования. Методологическая основа академического письма формируется интеграционными методами лингвистики, функциональной стилистикой, психологией, когнитивной лингвистики, лингвистики текста и других научных направлений. Эти методы в комплексе реализуют отношения автора и адресата. Рассмотрение академического текста в дискурсе определяет цель коммуникантов. Формирование компетенций академического письма направляет соискателя к новым поискам. Письмо на уровне научного текста формирует коммуникативную, дискурсивную компетентность. Работа с текстом открывает широкие возможности для формирования у студента коммуникативных навыков, совершенствования языковых навыков и умений.

Ключевые слова: академический текст; исследовательская работа; метод; методология; письменная коммуникация; лингвистика текста.

Actual problems of academic writing**F.Sh. Orazbayeva****Abai Kazakh National Pedagogical University**(Almaty, Kazakhstan)**Abstract*

Academic writing is aimed at regulating the scientific form of written language communication. When mastering academic writing, the knowledge of communicants strives to achieve new scientific indicators. Academic writing is a type of text communication that directs students to an independent search, determining the content and structure of scientific work. Academic writing develops the scientific creative abilities of the applicant as a fragment of text communication and a certain type of text formation. The methodological basis of academic writing is formed by the integration methods of linguistics, functional stylistics, psychology, cognitive linguistics, text linguistics and other scientific fields. These methods implement the author-addressee relationship in a complex. The consideration of the academic text in the discourse determines the goal of the communicants. The formation of academic writing competencies directs the applicant to new searches. Writing at the level of a scientific text forms communicative, discursive competence. Working with text opens up wide opportunities for the formation of students' communication skills, improving language skills and abilities.

Keywords: academic text; research work; method; methodology; written communication; linguistics of the text.

Редакцияға 08.02.2022 қабылданды